

А 2017

5233к

Тілеуғазы БЕЙСЕМБЕК

МЕРЕКЕЛЕР



Тілеуғазы БЕЙСЕМБЕК

МЕРЕКЕЛЕР

*(ата-аналар, балабақша тәрбиешілері
мен төменгі сынып жетекшілері үшін)*

Астана – 2011

УДК
ББК 85.31
Б 33

БЕЙСЕМБЕК Т. Мерекелер

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Тілеуғазы Бейсембектің бұл жинағына балаларға арналған өлеңдері топтастырылған. Бала тәрбиесіне үлкен мән беретін ақын еліміздің мерекелері туралы жаттауға жеңіл тақпақтарды ұсынып отыр. Бұл жинақ ата-аналарға, балабақша тәрбиешілері мен төменгі сынып жетекшілеріне көмекші оқу-тәрбие құралы ретінде пайдалануына лайықталған.

УДК 78
ББК 85.31

ISBN 978-601-06-1091-0

© Тілеуғазы Бейсембек, 2011

Тәуелсіздік мерекесі

* * *

Сарыарқаның төрінде,
Бой көтерді Ақ Орда.
Замананың өрінде,
Арман болып көрінген,
Азаттығым тиді қолға.

Ел болдық біз егемен,
Көк байрағым желбіреді.
Шаттанбайын неге мен,
Күнім күліп төбеден,
Атажұртым елжіреді.

* * *

- Қыз: - Бабалардың тілегі
 Көкейлерде жүр еді.
 Орындалып сол арман,
 Қуанды ел жүрегі.
- Ұл: - Абылайдың өрлігі –
 Жігерімді жаныған.
 Қабанбайдың ерлігі –
 От тастаған қаныма.
- Қыз: - Даналығы билерімнің
 Ғасырлар бойы тозбаған.
 Тегеуріні күйлерімнің
 Толқытып ойды қозғаған.
- Ұл: - Бақыты үшін Алты Арыстың
 Арыстан боп арпалыстым.
 «Түгел бол» деп ұрандадым,
 Туын ұстап ар-намыстың.

* * *

Көлдері көркем көлкілдеген,
Көкорай өлкем желкілдеген.
Азаттық келді,
Жайнатып жерді,
Жасартып елді,
Бақыт сыйлап әр таңда жаңа
Дархан далама.

Бірлікті халқым саялаған,
Ардақтап салтын аялаған.
Жас ғасыр -- көктем,
Мейірім екен,
Пейілін төккен,
Мәңгі берік достық салтына
Туған халқыма.

* * *

Тәуелсіздік! Ол -- жаңа бағдарлама,
Беретін елімізге бағдар жаңа.
Шуак төгер қараңғы түндерге де,
Қуат берер арайлы таңдарға да.

Ол -- біздің шуағы мол өміріміз,
Жасарып, жадыраған көңіліміз.
Ол -- біздің болатымыз, көміріміз,
Бакытқа тұнып тұрған өңіріміз.

Ол -- тірлігі, бірлігі жалпымыздың,
Татулығы, достығы халқымыздың.
Дастарқаны даладай, құшағы кең,
Өркен жайған өзегі салтымыздың.

Өмір деген толқыған терең теңіз,
Сол теңіздей шалқысын берекеміз.
Халқымызға бірлік пен ырыс беріп,
Құтты болсын шуақты мерекеміз.

* * *

Осы той -- көңілдердің аңсағаны,
Көргендер таңырқайды, тамсанады.
Бұл тойда биші еместер мың бұралып,
Бұл тойда әнші еместер ән салады.

* * *

Бөленген нұр шуаққа бала шағым,
Өмірден әлі де көп алашағым.
Егемен туған елдің аясында
Бүгіннен де бақытты болашағым.

Елімнің қамбасына толсын да құт,
Көретін молшылықты болсын уақыт.
Аман боп ел ардағы -- ағаларым,
Халқымның басына мол қонсын бақыт.

* * *

Республика күні

Менің Қазақстаным

Жұмақ болды даласы
Көсіліп жатқан.
Барлық ұлттың баласы
Бақытын тапқан.
Жайлауы жасыл,
Қойнауы асыл.
Менің Қазақстаным.

Оралғаны салтымның
Ғасырлардағы –
Орындалған халқымның
Асыл арманы.
Байлығы тасқан,
Айбыны асқан,
Менің Қазақстаным.

* * *

Түніңнің өзі күндіз боп,
Бақыттың құсын ұстадың.
Жарқыра жарық жұлдыз боп,
Жарқыра, Қазақстаным.

* * *

Самал жел боп есілдім,
Даладай боп көсілдім.
Ұлт болып мен ұйыдым,
Құрыш болып құйылдым,
Жағасында Есілдің.

Өркен жайған елдермен
Тереземіз теңесті.
Саммит ашып елімде,
Айдарымнан жел есті.
Елу алты мемлекет
Елбасымен кеңесті.

* * *

Халқымыздың бағына,
Асу асар шағына,
Азиада елімді
Асқақтатты тағы да.

Еліміздің қалауы,
Азиада алауы –
Желбіреді секілді
Елдігімнің жалауы,
Ерлігімнің жалауы.

* * *

Отанымның ертеңі
Секілді бір ертегі.
Сансыз ұлттың баласы
Бакыт жырын шертеді.

Бейбіт өмір сақтаған,
Ел үмітін ақтаған,
Қазақстан – атажұрт,
Мен өзіңді мадақтап,
Мен өзіңмен мақтанам.

* * *

Туған жерім, бал күнім
Жайлауыңда өткен бір.
Қайталайды ән-жырын
Бұлақтарың мөп-мөлдір.

Жапырағы құрақтың
Қалатын бір сусылдап.
Мөлдірінен бұлақтың
Алатынмын сусындап.

О, туған жер, түбінде
Сен деп өсер ұлыңмын.
Сусындаймын бүгінде
Бұлағынан білімнің.

* * *

Әлдилеген жыр-бесігім, ән-ұям,
Сүйген сені Мәншүгің мен Әлияң.
Ағып өткен от-жалынды бүркеніп,
Сүйген сені батыр ұлың – Нұркенің.

Сүйген сені қорқақ емес, батырлар,
Сүйген сені әншілер мен ақындар.
Мен де сүйем. Ұл-қызыңның гүлге тең
Саған деген махаббатын үлгі етем.

* * *

Конституция күні

* * *

Бәріміз де қолдайық,
Конституция – Ата заң.
Айнымайды қол жайып,
Атам берген батадан.

Көлеңкесі бұлтыңның
Жаппасын Ақ Орданы.
Ата заңым – ұлтымның,
Ана тілдің қорғаны.

Ата заңым – елімнің
Дүрсілдеген жүрегі.
Ұлан-байтақ жерімнің,
Елдігімнің тірегі.

* * *

Оқығаным, білгенім –
Ата заңның арқасы.
Шаттанғаным, күлгенім –
Ата заңның арқасы.

Баламасы алтынның
Бидайы мен арпасы –
Мол дәулеті халқымның –
Ата заңның арқасы.

Игілікке жараса
Туған жердің әр тасы –
Кен байлығы орасан –
Ата заңның арқасы.

Алшаң басып жүргенім –
Ата заңның арқасы.
Бейбіт өмір сүргенім –
Ата заңның арқасы.

* * *

Мемлекеттік рәміздер күні

Ту

Төбемде бар көк аспан,
Төменде бар көк теңіз.
Көк туымыз жарасқан,
«Неге көк?» – деп сөкпеңіз.
Тауларым да көгілдір,
Көк бұлттары көмкерген.
Көк көлдерім мөп-мөлдір,
Кең далама өң берген.
Алтын күн де елжіреп,
Қалықтайды қыраным.
Көк туымыз желбіреп,
Шарықтайды жыр-әнім.

Елтаңба

Елтаңбаға қарасан,
Туар бәлкім сұрақтар:
«Қанаты бар орасан,
Қайдан жүр – деп, – пырақтар?»
Ат сатпайтын алтынға,
Ерегесте жатпенен,
Мақал бар ғой халқымда:
«Ер қанаты – ат» – деген.
Ат – жаны ғой қазақтың,
Жетем деген үмітке –
Тұлпар мінсе қанатты,
Қанат біткен жігітке.
Паш еткен сол салтымды,
Сенемін қос пыраққа.
Арман қуған халқымды
Жеткізер деп мұратқа.

Әнұран

Әнұраным әуелі
Оятып таң атқанда,
Әлдилейді әуені,
Біз ұйқыға жатқанда.
Түсінетін мәніне
Біздер зерек баламыз.

Әнұраншың әлі мен
Сөзін жаттап аламыз.
Беріліп ақ тілекке,
Оқығандай құранды,
Қолды қойып жүрекке,
Шырқаймыз әнұранды.

* * *

Әнұраным шырқалып,
Көтерілсе туымыз –
Балғын талдар ырғалып,
Жайқалады нуымыз.
Ерке самал есіліп,
Көлкілдейді суымыз –
Әнұраным естіліп,
Көтерілсе туымыз.

* * *

Шаттанғанда шырқалады әнұран,
Мақтанғанда шырқалады әнұран.
Ту, Елтаңба – егемендік белгісі,
Осылармен әлем бізді таныған.

* * *

Наурыз мерекесі

* * *

Жайнап бақша-бауымыз,
Асқақтасын тауымыз.
Құтты болсын мереке,
Жылдың басы – Наурыз!

Гүлдері өсіп бөктердің,
Нұрын төксін көктем күн.
Құтты болсын Наурыз –
Мерекесі көктемнің.

Ізгілік дәнін еккендей,
Жүзіміз шуақ төккендей,
Өміріміз болсыншы
Жарқын нұрлы көктемдей.

* * *

Мерекеге шақыру
Хош келдіңіз, келіңіз,
Пейілімізді көріңіз.
Сіздей құтты қонаққа
Дайын біздің төріміз.

Қонақ күту басты арман,
Нені аяйық достардан.
Ақ көңілмен жаюлы
Мерекелік дастарқан.

Достығымыз жалғассын,
Арманымыз алға ассын.
Сәлемі бар мың күндік,
Бір күн болған жолдастың.

Барыс текті затымыз,
Жомарт деп шыққан атымыз.
Наурыз көже – той асы,
Соның дәмін татыңыз.

* * *

Өлкеме Наурыз келді, көктем келді,
Қомкеріп жыр мен гүлге көк пен жерді.
Халқымның салт-дәстүрін аялаған
Арманы орындалды көптен бергі.

Шуақ боп көңілі пәс, жаралыға,
Қуат бол таусылмасын маралыма.
Наурызда көзін ашқан сансыз бұлақ
Жетсе екен бауырымдап Аралыма.

Бұл тойда жан қалмасын шалқымаған,
Наурыздың шуағына балқымаған.
Болсыншы ауа таза, аспан ашық,
Болсыншы елім – тыныш, халқым – аман.

* * *

Татымды тұнбасындай бал-қымыздың,
Озығын сақтайықшы салтымыздың.
Көркіне жеріміздің қылау түспей,
Мерейі үстем болсын халқымыздың.

* * *

Бата

Ақ батамды берейін,
Үстем болсын мерейің.
Наурыз күні шуақты
Бақыт қонсын ұл-қызға.
Ұландары ұлтымның
Ұқсап жарық жұлдызға,
Еліміздің мерейін
Асқақтатып аспанға,
Айналдырсын дастанға!
Әумин!

*Балабақшаның Біржан салы мен
Ақын Сарасының айтысы*

Сара: - Жетісудың бұлбұлы –
Ақын Сара мен едім.
Сарыарқаның дүлдүлі –
Сал Біржаны сен едің.

Оза шауып, сый алып,
Айтыстарда ысылдың.
Қыз алдында ұялып,
Неге сонша қысылдың?

Біржан:- Сөздеріңнен, Саражан,
Шабыт алып, шабамын.
Көздеріңнен қараған
Жанға рахат табамын.

Достасуға кеп едім,
Жол бермейік өкпеге.
Алып кетсем деп едім
Жер әсемі Көкшеге.

Сара:- Табиғаттың көркемі –
Жетісуым, мекенім.
Ондай сұлу өлкені
Қалай тастап кетемін.

Мына Наурыз тойында
Сөзің жоқ па айтатын?
Уақытың болды ма
Әлде үйге қайтатын?

Біржан:- Тілсігім бар, Саражан,
Қыл өтпейтін арадан,
Достық болсын, елімде
Тату болсын бар адам.

Сара:- Шуақ төгіп Наурызым,
Құтты болсын мереке.
Бақытты боп ұл-қызым,
Қонсын елге береке.

Аналар мерекесі

Анашым

Айналайын, анашым,
Маған қорған, панасың.
Мейірімді жан өмірде
Жалғыз өзің ғанасың.

Айналайын, анашым,
Ақылдысың, данасың.
Ең сұлу жан әлемде
Жалғыз өзің ғанасың.

Ана

Келбетінде ұлылық,
Даладай кең пейілі.
Ана деген – жылылық,
Ана деген – мейірім.

Ыстық демі бетімді
Аймалап бір өпкені –
Күн шуағы секілді,
Мейірімін төккені.

Ақыл құйған санама,
Күннен де артық, расында.
Күн – алыста, ал анам
Ылғи менің қасымда.

Әже

Әжемнің сол баяғы
Ауырады аяғы.
Жалғыз жүрсе, қолынан
Тастамайды таяғын.

Асыққанда аяғы
Кейде абайсыз таяды.
Ал мен болсам қасында
Ұстамайды таяғын.

Шай мен кәмпит

Әжем өрнек тереді,
Сырмақ сырып оюлап.
Басы ауыра береді
Шай ішпесе қоюлап.

Кейде басым менің де
Ауырады, дегенмен
Шайдан емес, тегінде
Кәмпитті аз жегеннен.

Көмек

Шаршайтыны анамның –
Талай жұмыс бар үйде.
Келгенінше шамамның
Көмектесем әрине.

Көмегім сол әзірге
Ішіп болсам тамақты,
Ыстық суды әзірлеп,
Өзім жуам табақты.

Балаларды қорғау күні

* * *

Туған жердің миуалы
Мен жайқалған бір талы.
Тәнім жаралған,
Жаным нәр алған
Самалынан шипалы.

Туған елдің саялы
Ұрпағымын саналы.
Сипап кекіlden,
Сүйген бетімнен
Туған жердің самалы.

* * *

Жазиралы кең елім,
Қазыналы кен едің.
Болашағым бақытты
Боларына сенемін.

Намысымды, арымды,
Бойымдағы дарынды.
Ержеткен соң елімнен
Аямаймын барымды.

Бөбектерді талпынған,
Қымбат санап алтыннан,
Айналайын еркелетіп,
Аялаған халқымнан,
Айналайын халқымнан.

* * *

Қаулап өскен өртеңге
Теңе мені өркенге.
Жалғасымын бүгіннің,
Қолбасымын ертеңге.

Күй, әнімін даламның,
Қиялымын бабамның.
Күлкім – шуақ,
Көлеңке
Түсірмейді маған мұң.

* * *

Еркелеймін апама,
Еркелеймін атама.
Еркелеген, айтыңдаршы,
Кемшілікке жата ма?

Жақтырмайды анам да,
«Түйсік жоқ – деп, – санаңда
Ел аманда, мен аманда
Еркелесем жаман ба?

Еркелеймін еліме,
Ұлан-байтақ жеріме.
Еркелеймін кең даламның
Ерке самал желіне.

* * *

Біз – өмірдің мәніміз,
Отбасының сәніміз.
Ән мен жырдан,
Таң мен нұрдан
Жаратылған жанымыз.

Біз – өмірдің сәніміз,
Асқақ біздің әніміз.
Ақ тілектен,
Пәк жүректен
Жаратылған жанымыз.

* * *

Халықтар бірлігі күні

* * *

Аталарым данышпан
Бәрін болжап алыстан,
Болса елдің бірлігі –
Болар депті тірлігі.

Сансыз ұлт бар елімде,
Жазиралы жерімде.
Бір шаңырақ құрамыз,
Тату-тәтті тұрамыз.

Туыс, аға-ініміз,
Ортақ біздің күніміз.
Бәріміз де біргеміз,
Бөлінбейді іргеміз.

* * *

Сансыз бұлақ қосылса,
Өзен болып шалқиды.
Сансыз өзен қосылса,
Теңіз болып толқиды.
Біз біріксек еренбіз,
Теңізден де тереңбіз.

Білегіміз қосылса,
Кереметтей алыппыз.
Жүрегіміз қосылса,
Ғажайып бір халықпыз.
Ортақ болсын әніміз,
Сонда келер сәніміз.

* * *

Достық – менің мұратым,
Кездесейік жиі біз.
Бәріміздің тұратын
Жер шары ғой үйіміз.
Толқып тасып, күлейік,
Қолтықтасып жүрейік.
Тіршіліктің қадірі
Достықта деп білейік.

Барлық елдің баласы
Ажырамай арасы,
Тату болсақ жетеді
Қазақтың кең даласы.

* * *

Ұлы Жеңіс мерекесі

* * *

Жылда атап өтем мен,
Жеңіс күні – мерекем.
Жеңіс туып көтерген
Атам менің ер екен.

Сол күні ол мақтанып,
Ерте тұрып алады.
Құттықтасам шаттанып,
Бір қуанып қалады.

Сұлуланып, киініп,
Ордендерін тағады.
Мен қараймын сүйініп,
Атам күлім қағады.

Азаттығын Отанның
Қорғап қалған ер екен.
Мерекесі атамның –
Ол – менің де мерекем.

* * *

* * *

Өмір – теңіз айдынды,
Есіп келс жатырмын.
Ұрпағымын айбынды
Жиырма сегіз батырдың.

Қалын жауды қаһарлы
Москваға жолатпай,
Қорғап қалды шаһарды,
Қамал болып болаттай.

Көңілдерде жатыр мұн,
Бақыт тапқан ел бүгін,
Жиырма сегіз батырдың
Ұмытпайды ерлігін.

* * *

Жеңіс күнін тойлаймыз,
Біз көреміз жемісін.
Ерлерді де ойлаймыз,
Қыршын кеткен ел үшін.
Соғыс аты жойылған,
Өткен күннен бар аңыз.
Боздақтарға қойылған
Ескерткішке барамыз.
Күн туған ел басына,
Аламыз сол жылды еске.
Ескерткіштің тасына
Қоямыз біз гүл-десте.

Отан қорғаушылар күні

* * *

Сүйемін мен елімді,
Қазір балғын баламын.
Ержеткен соң сенімді
Жауынгері боламын.

Тұрғаны да сезілмей
Табанымнан сыз өтіп,
Тұрамын мен көз ілмей,
Шекараны күзетіп.

* * *

Бізге бақыт сыйлаған,
Жамандыққа қимаған,

Арлап сәби сезімді,
Сүйеміз біз өзінді.
Отан-ана, сүйікті,
Сүйеміз біз өзінді.

Дұшпан келсе жат елден,
Саған төнген қатерден,
Қалт жібермей сөзінді,
Қорғаймыз біз өзінді.
Отан-ана, сүйікті,
Қорғаймыз біз өзінді.

* * *

Ұшқыш болам, ұшқаным
Жарып бұлттың арасын –
Досты баурап, дұшпаным
Қызғанышпен қарасын.

Қырап болып самғаймын,
Жазам ерлік дастанын.
Ұлан болып қорғаймын
Отанымның аспанын.

* * *

Айтыс

Қыз: - Мықтысынып, алдыңа
Жан салмайсың бөскенде.
Қандай пайдаң халқыңа
Тиер екен өскенде?

Ұл: - Ержеткен соң елімді,
Ата заңды қастерлеп,
Қорғау үшін жерімді,
Барамын мен әскерге.

Мен әйеншек болмас ем,
Тырыспас ем қалуға.
Келер ме едің сонда сен
Аттандырып салуға.

Қыз: - Қызмет етсең халқыңа,
Шығарып сап қайтармын.
«Адал бөл – деп, – антыңа» –
Тілегімді айтармын.

Үл: - Жауынгерлік борышын
Абыроймен аткарып,
Аты шығып, сол үшін
Жүрген талай мақталып,

Адал ақтап үмітті,
Өскен осы балғыннан –
Қарсы алуға жігітті,
Шығасың ба алдымнан?

Қыз: - Болсаң адал, ақылды,
Ерлігіңе қуанып,
Қарсы алуға батырды
Шығамын мен гүл алып.

Жаңа жыл мерекесі

* * *

Келді бізге жаңа жыл
Әсем ән қанатымен.
Көз тартады шыршамыз
Сәнді салтанатымен.

Әшекейден әдемі
Алтын алқа таққанда,
Құлпырады шыршамыз
Сансыз шамын жаққанда.

Ортамызға келгенде
Аяз Ата, Қаршақыз,
Шыршамызды айналып,
Ән саламыз баршамыз.

* * *

Аппақ қарға шартарап,
Ораныпты бар қала.
Аяз Ата келіпті,
Сыйлықтарын арқалап.

Жаңа жылды қарсы алып,
Би билейік, ән салып.
Аяз Ата тындасын,
Таңдай қағып, тамсанып.

Өнерпазды өрелі
Аяз Ата көреді.
Өнері асқан балаға
Жақсы сыйлық береді.

* * *

Күй тартсақ, әнді есілте,
Пейілді көрме тарылта.
Ескі жыл, бізді есірке,
Жаңа жыл, бізді жарылқа.

Байлыққа толы жерімнің
Тасқындай берсін дәулеті.
Салтанат құрған елімнің
Аспандай берсін сәулеті.

Жақсылық күтші тек бізден,
Жандармен ізгі жақын ет.
Бүгінге аман жеткізген,
Ескі жыл, саған рахмет!

* * *

Жаңа жыл сен менің
Ақыл бер санама.
Өмірде сенгенім –
Өмір бер анама.

Бер бірлік, ынтымақ
Үлкенге, балаға.
Шаша көр күншуақ
Қалаға, далаға.

Күй сыйла шалқыма,
Ән-жырдың дастанын.
Бақыт бер халқыма,
Ашық ет аспанын.

* * *

«Аяз Ата аланда
Жүр», – деп еді Қаламқас,
Қызығынан қалам ба,
Атып шықтым жалаңбас.

«Мұның не, – деп, – балақай?» –
Аяз Ата сұрады.
«Кимедің – деп, – малақай» –
Құлағымды бұрады.

* * *

Қасқыр мен қоянның айтысы

Шыршаның айналасына жиналған балалар «Аяз Ата» деп айқайлап, шақырады. Сол кезде Аяз Ата болып киінген Қасқыр шығады. Оны көріп, Қаршақыз болып киініп Қоян да келеді.

Аяз Ата (Қасқыр): - Балаларым, армысың,
Аман-есен бармысың?
Астым талай асудан,
Артта қалды қарлы шың.

Безеніп тұр шыршамыз.
Ән салайық баршамыз.
Айналайын немерем,
Жақын келші, Қаршақыз.

Қаршақыз (Қоян): - Шикілік бар сөзіңде,
Жылтылдайды көзің де.
Қалдым сені танымай,
Аяз Ата, бұл өзің бе?

Аяз Ата (Қасқыр): - Қарашы, аппақ сақалым,
Үстімдегі шапаным,
Басымдағы бөркім де –
Нағыз Аяз Атамын.

Қаршақыз (Қоян): - Келіспейді шағын бой,
Келді маған тағы ой:
Арқаңдағы ала қап –
Саудагердің қабы ғой.

Аяз Ата (Қасқыр): - Өзің маған ермедің,
Неге сонша тергедің?
Алып келдім Қытайдан,
Демеушінің бергенін.

Қаршақыз (Қоян): - Мені тағы бір тыңда:
Азу тіс бар ұртыңда.
Жасанды ма сақалың,
Түскелі тұр мұртың да.

Қаршақыз (Қоян) Аяз Атаның сақалынан тартып қалғанда, сақалы түсіп қалады. Қасқырдың беттердесі ашылады. Қоян қаша жөнеледі. Қасқыр сақалын жапсыра алмай әуреге түседі.

Қасқыр: -

Әттеген-ай, табанда
Сапалы желім табам ба?
Токта, қашпа сұмырай,
Қап, бәлем, қоян, саған ба!

Қасқыр жұдырығын түйіп, кіжініп, Қоянды қуа жонеледі.

Қалалар мерекесі

Астана

Елімде жас қала,
Ол – әсем Астана.
Елбасы көтерген
Ғажайып бастама.
Жасартып қаланы,
Жаңартып жағаны,
Арнада толықсып,
Есілім ағады.

Ордалы Бас қала,
Ол – сұлу Астана.
Сәулетті, дәулетті,
Бақытқа баспана.

* * *

Бәрі осында – тіршілікке не керек,
Астананы – жерұйық деп айтар ек.
Анау тұрған – ертегіден оралған,
Самұрық құс ұя салған Байтерек.
Бар әлемге ізгі ойлар ұсынған,
Бейбітшілік көғаршынын ұшырған,
Анау тұрған – Ұлы Пирамиданың
Көшірмесі көшіп келген Мысырдан.

* * *

Ай аймалап Ақ Орданың күмбезін,
Көк күмбезден алар емес күн көзін.
Мақтанышым жүрегімде шымырлап,
Көңілімді толқытады бір сезім.
Осы болар халқымыздың қалауы,
Жүректерде ұшқын атқан алауы.
Астананың аспанында асқақтап,
Желбірейді еліміздің жалауы.

Ұшар басын аймалаған таңғы арай,
Бой созады Хан шатыры – хан сарай.
Көрмегендер атын естіп ғашық боп,
Көрген адам қалай жүрер аңсамай.

* * *

Жасыл бағың саялы,
Келістіріп мақтайын.
Жапырағын жаяды
Көк терек пен ақ қайың.
 Әлденені сыбырлап,
 Төмен қарай құлады,
 Арықтарда сыңғырлап
 Алатаудың бұлағы.
Сағынсам да даланы,
Саған бұрам ат басын.
Анық сендей қаланы
Басқа жақтан таппасым.

* * *

Кеуденді ашып самалға,
Күліп қарсы ал әр таңды.
Алатаудай қамалға
Тіреп тұрсың арқанды.
 Өнерде биік талғаммен
 Алдың не бір бәйгені.
 Атың шықты алмаңмен,
 Жер жүзіне әйгілі.
Қызы алма отаны,
Тарихта сол қалды атың.
Өркенде өнер отауы –
Сүйікті қалам, Алматым.

* * *

Қарағанды

Заманмен үндескен
Көшенде гүл-дестен.
Үйлерің зәулім бой созып,
Ғарышпен тілдескен.
 Төбеңде нұрлы аспан,
 Тарихың жыр-дастан.
 Ер көңіл кеншің жасампаз
 Уақытпен сырласқан.
Жолың бар таңдаған,
Әнің бар самғаған.
Әйгілі Париж, Мәскеуден
Қымбатсың сен маған.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---------------------------|----|
| Тәуелсіздік мерекесі | 3 |
| Республика күні | 5 |
| Конституция күні | 7 |
| Мемлекеттік рәміздер күні | 8 |
| Наурыз мерекесі | 9 |
| Аналар мерекесі | 12 |
| Балаларды қорғау күні | 13 |
| Халықтар бірлігі күні | 15 |
| Ұлы Жеңіс мерекесі | 16 |
| Отан қорғаушылар күні | 17 |
| Жаңа жыл мерекесі | 19 |
| Қалалар мерекесі | 22 |

Құрметті оқырман! Пікірлеріңіз бен тілектеріңізді мына ұялы телефон: 87014124828 арқылы хабарлауыңызды сұраймыз.

Басуға 04.08.2011 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 1/2 Шартты баспа табағы 1.26

Офсеттік басылыс. Таралымы 300 дана.

Тапсырыс № 0508/11

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,

Бейбітшілік көшесі, 23 - 7

«Типография Стимул» ЖШС.

тел/факс: +7 (7172) 32 01 67

